

8D04208 «Қазақстандық құқықтың дамуының заманауи үрдістері» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері» тақырыбына жазылған Қамбаров

**Азамат Қамбарұлының диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ПІКІРІ**

№	критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p>	<p>Зерттеу тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді және Қазақстанның мемлекеттік бағдарламаларымен, «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын» бекіту туралы КР Президенттің 2021 жылғы 15 қазанды №674 Жарлығымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясымен, 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысымен бекітілген «Қазақстанның киберқалқаны» киберқауіпсіздік тұжырымдамасымен тығыз байланыста болады.</p>

2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган	<p>А.Қ.Қамбаровтың «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбындағы зерттеу жұмысы қазіргі заманың өзекті мәселелерінің бірі ретінде ерекше назар аударуға лайық. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдық қатынастардың жаңа салаларын қалыптастырып қана қоймай, құқық бұзушылықтардың жаңа түрлерінің пайда болуына да ықпал етуде. Жалпы, жұмыс қазіргі заманғы құқықтық ғылымға елеулі үлес қосады. Оның нәтижелері ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтарды зерттеуге және оларға қарсы кешенді шараларды әзірлеуге үлкен маңызға ие. Автордың зерттеуі ғылыми қауымдастық үшін де, құқық қорғау органдары үшін де құнды практикалық материал бола алады.</p>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	<p>Диссертациялық зерттеуді автор өз бетінше жоғары деңгейде</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жоғары 2) Орташа

		<p>3) Төмен 4) Өзі жазбаған</p>	<p>жазған. Зерттеуді орындау барысында автордың ғылыми дербестігі, мәселені терең түсінуі және оны шешуге деген жеке көзқарасы айқын көрінеді. Жұмыстағы талдаулар мен ұсыныстардың негізділігі автордың зерттеу тақырыбына толыққанды әрі жан-жақты дайындалғанын дәлелдейді.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) Негізделген 2) Жартылай негізделген; 3) Негізделмеген.</p>	<p>1) Негізделген диссертацияның зерттеу тақырыбы – заманауи қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Қоғамның ақпараттандыру деңгейінің артуы және цифрлық технологиялардың кең таралуы құқықтық қатынастарды реттеудің жаңа міндеттерін алға қойды. Ақпараттық технологиялар мен байланыс құралдарын пайдалану арқылы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны мен түрлері жыл сайын артып келеді. Бұл жағдай аталған қылмыстық құқық бұзушылықтарға тиімді құқықтық жауап беру қажеттілігін туындалады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі ғылыми және практикалық тұргыдан негізделген. Бұл жұмыс</p>

		<p>тек заң ғылымы саласының дамуына ғана емес, сондай-ақ құқық көргөз органдарының ақпараттық қылмыстармен тиімді күрес жүргізуіне қажетті жана әдіснамалық және құқықтық шешімдер ұсынуымен де күнды. Диссертацияның тақырыбы қазіргі заманың құқықтық және әлеуметтік талаптарына толығымен сәйкес келеді.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды 2) жартылай айқындайды 3) айқындамайды 	<p>1) Айқындайды. Диссертацияның мазмұны жан-жакты және логикалық құрылыммен сипатталады. Зерттеу барысында тақырыптың барлық негізгі аспектілері қамтылып, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сай ғылыми тұрғыда дәйектелген. Диссертацияның мазмұны тақырыпты толықтай ашуға бағытталған және зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес айқын құрылымда баяндалған. Әрбір тарау нақты мәселелерді талқылауға және оларды шешудің ғылыми негізделген жолдарын ұсынуға арналған. Мазмұнның жүйелілігі мен логикалық бірізділігі жұмыстың жоғары деңгейде орындалғанын</p>

			көрсетеді.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері 1) сәйкес келеді 2) жартылай сәйкес келеді 3) сәйкес келмейді	1) Мақсаты мен міндеттер сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің тақырыбына сәйкес зерттеудің мақсаты тұжырымдалып, міндеттері айқындалды.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан 2) жартылай байланысқан 3) байланыс жоқ	1) Толық байланысқан. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері бір-бірімен толық байланысты және қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді, диссертация тақырыбын дәйекті түрде ашады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) Сыни талдау бар 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	1) Сыни талдау бар. Автор ұсынған жаңа шешімдер (әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда негізделген және бағаланған. Алынған нәтижелер ғылыми және теориялық негізделген. Зерттеу барысында диссертация жасаған талдаулар мен тұжырымдар нақты және ақпараттық болып табылады.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) Толығымен жаңа. Зерттеу барысында ақпараттық және байланыс саласында жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері мен механизмдерін анықтауға және оларды жүйелеуге ерекше көніл бөлінген. Бұл әдіс қазіргі заманғы

			қылмыстық құқық пен криминологиядағы теориялық және практикалық түрғыдан жана көзқарастарды қалыптастыруға мүмкіндік берді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың қорытынды түжірымдары толығымен жаңа, өйткені автор ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігіне авторлық анықтама ұсынған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) толығымен жаңа. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, түжірымдары мен ұсыныстары негізделген және сенімді. Бұл ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптардың сақталуымен расталады, жалпы ғылыми зерттеу әдістерін қолдану, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен тәжірибесіне үлкен үлес қосқан шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін пайдалану, негізгі ережелерді жариялау арқылы анықталады.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлеледемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлеледемелерде негізделген.

		бойынша)	
7	Қорғауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелженді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді 2) шамамаен дәлелденді 3) шамамен дәлелденбеді 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок; <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок; <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар 2) орташа 3) кеі. <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жоқ. 	<p>Диссертациялық зерттеу аясында қорғауға 4 (төрт) ереже шығарылды:</p> <p>1 ереже:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Иә, дәлелденді; 2) Диссертациялық жұмыс тривиалды болып абылмайды; 3) Жаңа болып табылады; 4) Қолдану деңгейі кең; 5) Диссертациялық жұмыста барлығы дәлелденіп жазылған. <p>2 ереже:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Иә, дәлелденді; 2) Диссертациялық жұмыс тривиалды болып табылмайды; 3) Жаңа болып табылады; 4) Қолдану деңгейі кең; 5) Диссертациялық жұмыста барлығы дәлелденіп жазылған. <p>3 ереже:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Иә, дәлелденді; 2) Диссертациялық жұмыс тривиалды болып табылмайды; 3) Жаңа болып табылады; 4) Қолдану деңгейі кең; 5) Диссертациялық жұмыста барлығы дәлелденіп жазылған.

			<p>4 ереже:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Иә, дәлелденді; 2) Диссертациялық жұмыс тривиалды болып табылмайды; 3) Жаңа болып табылады; 4) Қолдану деңгейі кең; 5) Диссертациялық жұмыста барлығы дәлелденіп жазылған.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандаулықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау</p>	<p>1) Иә Барлық қолданылатын әдістер жеткілікті егжей – тегжейлі сипатталған. Қолданылған тәсілдер, олардың зерттеу үшін маңыздылығы көрсетілген.</p> <p>1) Иә Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>1) Иә Автордың теоретикалық және тәжірибелік қорытындылары мен ұсыныстары жүргізілген зерттеулердің нақты нәтижелерімен дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан расталған. Бұл тұжырымдар мен</p>

		<p>бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық)</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жок.</p>	<p>ұсынымдар Қазақстандағы құқық қолдану тәжірибесін талдауға негізделеді, бұл авторға ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтарды құқықтық реттеудің негізгі мәселелер мен қажеттіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Диссертацияда Қазақстандағы Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары мен заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар нақты мысалдармен бекітіліп, олардың тиімділігі дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Әдебиеттер тізімінде диссертацияда сілтемелер, көшіріп аулар, дәйексұздар жазылған, полемика келтірілген 169 дереккөз бар. Автордың көзқарасы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарының ерекшеліктерін теориялық және әдіснамалық зерттеуде де, диссертация тақырыбын жан-жақты шолу нәтижелері</p>

			бойынша тәжірибелік талдау мен ұсыныстар әзірлеуде де байқалады.
		8.5 Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті, өйткені диссертациялық жұмыс тақырыбындағы іргелі жұмыстар зерттелді. Әдеби шолуда кейбір авторлардың Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселесі туралы көзқарастарын салыстыру келтірілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы жоғары, өйткені жүргізілген теориялық зерттеу, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінің теориясын талдау болашақ зерттеушілер үшін қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді. Диссертациялық зерттеу «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді оқытатын ЖОО-да дәрістік және практикалық сабактар үшін оку материалдары ретінде пайдалануы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә 2) жоқ	1) Иә Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары.

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа баолып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) толығымен жаңа Диссертациялық практикалық ұсыныстарды туралы айтқанда зерттеудің жаңашылдық дәрежесіне ерекше назар аударылады. Практикаға арналған ұсыныстар жаңа, ғылыми әдебиеттердің кең спектірін, сондай-ақ заңнамалық база мен статистикалық мәліметтерді талдауға негізделген.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) Жоғары 2) Орташа 3) Орташадан төмен 4) төмен</p>	<p>Диссертациялық академиялық жазу жоғары деңгейде орындалған. Бұл зерттеуде орындалған тіл мен стиль ғылыми талаптарға сәйкес келеді, сонымен қатар материалды дәйекті түрде жеткізуге қол жеткізілген. Зерттеу жұмысының құрылымы логикалық тізбектелікте құрастырылған. Тараулар арасындағы байланыс анық, бұл зерттеуді кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді. Жалпы жоғары академиялық жазу сапасы диссертацияның ғылыми құндылығын арттырып, зерттеудің өзектілігін әрі маңыздылығын көрсетеді.</p>
11	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде орындалғанымен, келесі аспектілерге қоңыл</p>

			<p>бөлген жөн:</p> <ol style="list-style-type: none"> Диссертант көптеген отандық және шетелдік заннаманы талдағанымен, шетелдік авторлар пікірлерін кеңінен ашса да, алғы шетел авторларының пікірлерін де кеңнен пайдаланған дұрыс болар еді. Халықаралық келісімдер диссертациялық зерттеу пайдаланылса да, Қазақстан Республикасымен әлі де ратификацияланбаған халықаралық келісімдерді отандық заннамаға имплементациялау мәселесі толығымен қарастырылмаған. Бұл ұсыныстар диссертациялық зерттеудің сапасына, негізгі идеялары мен тұжырымдарына еш әсер етпейді, бірақ ұсынылған талдауға мазмұн мен әртүрлілік қосуы мүмкін.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары, диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес келеді.

	зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28 – тармағына сәйкес)		<p>Қамбаров Азамат Қамбарұлының «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы ҚР БФМ «Дәрежені бекіту ережесінің» талаптарына сәйкес келеді және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне 8D04208 «Қазақстандық құқықтың дамуының заманауи үрдістері» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін ұсынылған.</p>

Ресми оппонент,
 заң ғылымдарының докторы, профессор
 ҚР Әділет министрлігінің
 «Қазақстан Республикасының
 Заңнама және құқықтық
 ақпарат институты»
 Қылмыстық, қылмыстық процестік,
 қылмыстық атқарушылық заңнама
 бөлімінің бас ғылыми кызметкері



09.12.2024

Рахметов С.М.